

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді**

№2 хаттамасы

Ақтөбе қаласы

10.09.2024ж

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. «Жақсылық жасап үйренейік» атты қайырымдылық жәрмеңкесін өткізу
2. Материалдық көмекке мұқтаж отбасыны анықтау және қайырымдылықтан түскен қаржыдан көмек беру

Күн тәртібінде:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдағы қамқоршылық кеңестің комитетінің мүшесі Саматов Гүлфайрус сөз алды.

Баланың бойына жастайынан мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық, яғни, адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділік ұялату үшін тәрбиені, әрекетті өзімізден бастауымыз керек. Жаңа оқу жылы қарсаңын қайырымдылықпен бастағанымыз жөн болар, жәрмеңкені ұйымдастыра отырып, тұрмысы төмен отбасы бойынша бір тұрғынға азық түлікпен қамтамасыз етейік. Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері, бөбекжай қызметкерлері бірігіп көмек жасайық. Сіздерден қандай көмек қол соза аласыздар?!

Балабақша басшысы Шокпарова К.Т. жаңа 2024-2025 оқу жылымен құттықтап, жақсы бастамамен басталып жатқанын атап айтты.

Шығып сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Мәзін Мира Жексенқызы Әр топ ата-аналары өз қолдарымен тәтті тіскебасарлар дайындап, соны таңертеңгілік келген ата-аналарға, қызметкерлерге сатып, содан түскен қаржыға мұқтаж отбасыға азық-түлікпен қамтамасыз етейік. Барлық ата-аналар бұндай ұсынысқа келіседі деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Тәшпенова Құралай Елібайқызы

Қайырымдылық шарасына тұрмысы төмен отбасы бойынша бір тұрғынға азық түлік алып беруге өз үлесімді қосамын. Өсіріп жатқан балаларымыз үлкен азамат болсын.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Муса Балнур

Қайырымдылық қорына өзім қатысып көмек қолымды созамын. Жаңа оқу жыл қарсаңында көмек жасаған үлкен сауап деп ойлаймын.

Бөбекжай-бақша әдіскері: Саттықова Айшат Акылбековна

Қазіргі таңда қайырымдылық шараларын ұйымдастыру-өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі заманда тұрмысы төмен, күнкөрістері нашар отбасылар баршылық. Біздің осы ауданымыздың өзінде қазіргі қымбатшылықтың, жұмыссыздықтың салдарынан да мұндай жағдайлар қоғамда орын алып отыр. Кейбір жанұяларда көп балалы немесе әкесіз, анасыз жетім балалар киім жоқтықтан, тұрмысы төмен ақша жетіспеушілігінен мектепке барып, білім ала алмай, жыртқы киіммен жүрген балалар да бар. Бұл бір жағынан баланың болашағына зиянын тигізеді. Қазіргі нарық заманында Қазақстан бойынша көмекке мұқтаж жандарға қайырымдылық шаралары жиі ұйымдастырылып тұрса жақсы болар еді. Қазіргі таңда мекемелерде, балабақшаларда, мектептерде «Қайырымдылық акциясы» ұйымдастырылып жүр. Бұл жақсы іс-шара. Менің ойымша, әл-ауқаты жақсы, барлық жағдайлары жеткілікті отбасылар кимейтін (аяқ-киім болсын, сырт киім) артық киімдерін далаға қоқысқа тастамай көмекке мұқтаж жандарға берсе?! Менің айтпағым: барлығымыз осы айтылған ұранмен жұмылып күш салсақ, құнды қасиет-адамгершілік қасиетіміз оянса, бір-бірімізге деген адами көзқарасымыз болып, «Қазағым»-деп, жүрек дүрсілдеп жиі соқса екен деймін! Қайырымдылық – адам жанының нұры. Қайырымдылық — көмекті қажет етушілерге білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек болып табылады. Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі. Қайырымдылық — адамның асыл қасиеттерінің бірі.

Қаулы етеді:

1. Қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен қаражатқа тұрмысы төмен бір отбасына азық түлік алып берілсін

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Дузбаева Салтанат Адилбекова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Сагиева Наргиза Казбековна

Келісемін:

Балабақша басшысы Шокпарова К.Т.